



XҒТАР14.35.17
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-152-3-237-255>

Көркем білім беруде студенттердің сыни ойлау дағдысын дамытудағы цифрлық технологиялардың рөлі

Г.Ш. Тоғабаева*¹, А.Қ. Қозыбай², Г.Ш. Шайзаданова³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ¹Togabaevagulvira17@gmail.com, ²K.anarbek@gmail.com, ³gulnar_1178@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада көркем білім беру саласындағы студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамытудың теориясы мен әдістемесіне арналған ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Сонымен қатар, сыни ойлаудың мағынасын ашатын теориялық тұжырымдамалары зерделенді және студенттердің креативтілігін артырудағы цифрлық құралдардың білім беру процессіндегі рөлі қарастырылды. Мақаланың мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалана отырып, студенттердің сыни ойлау шығармашылық қабілеттерін дамыту және оларды заманауи өнер саласына бейімдеу. Осыған орай, сыни ойлау ұғымы терең талданып, цифрлық өнер мен көркем білім беру саласындағы ғылыми еңбектерге теориялық сараптамалар жасалды. Шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін салыстырмалы түрде талдап, әртүрлі ғылым салаларындағы (психология, педагогика, философия, социология) тұжырымдамалардың мағынасы айқындалды. Болашақ бейнелеу өнері оқытушыларының цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыруларына негіз болатын сыни ойлаудың тиімділігі қаралды. Заманауи суретші педагогтардың цифрлық технологияларға қатысты шығармашылық еңбектері де қарастырылып, дереккөздердегі мақалаларға терең талдау жасалды. Цифрлық технологиялар мүмкіндіктерінің көркем білім беруде интеграциялау жолдары және оларды дәстүрлі оқыту әдістерін жаңартуда маңыздылығы қамтылды. Интерактивті технологиялар арқылы студенттердің еркіндікке және шығармашылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Цифрлық технологияларды қолдану көркемөнерде оқитын болашақ суретші педагогтарға сыни ойлауды дамытудың тиімді жолы қарастырылып, бұл олардың шығармашылық әлеуетін арттырып, заманауи өнер нарығына дайындауға ықпалының маңыздылығы анықталды.

Түйін сөздер: көркем өнер, сыни ойлау, цифрлық технологиялар, цифрлық өнер, интуициялық ойлау, цифрлық құзіреттілік, жүйелік тәсіл

Кіріспе

Бүгінгі сандық эрада білім беруде модернизациялаудың маңызы артуда. Көркем өнер саласында цифрлық технологияларды игеру арқылы студенттердің сыни ойлау

Түсті: 29.04.2025; Жөнделді: 28.08.2025; Мақұлданды: 29.10.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

дағдыларын дамыту бірден-бір негізгі мақсаттардың бірі болып отыр. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев (2019) Ақордада тамыз конференциясында білім беру жүйесінің жаңа технологияларға бейімделуі қажеттігін айтқан болатын, IT және биотехнология салаларындағы революция адамзат өмірін өзгертіп жатқанын, сондықтан білім беру жүйесінің жаңа цифрлық технологияларға тез бейімделуі қажеттігін ескертті. Президент сапалы, қолжетімді және қазіргі заманғы білімнің Қазақстанды гүлденген, дамыған елге айналдырудағы маңыздылығын ерекше атады.

Заман талабына сай, болашақ суретші педагогтар да жаңа цифрлық технологияларға бейімделе, көркем оқытудың дәстүрлі әдістерін цифрлық форматтармен байланыстыруда. Цифрлық ресурстар болашақ суретші педагогтардың сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін көркем контекстінің маңызды бөлігі болып табылады. Алайда, цифрлық өнер түрлерінің үздіксіз эволюциясы көрерменнен әртүрлі ақпаратты терең талдауды, интерпретациялауды және синтездеуді талап етеді. Дегенмен, осы үдерісте маңызды қайшылықтар мен қиындықтар да кездесуде: соған орай сыни ойлау мен цифрлық технологиялардың өзара байланысы көркемөнер саласында қазіргі таңда толығырақ зерттеле қоймаған. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, болашақ суретші педагогтардың сыни ойлауын дамыту барысында нақты практикалық әдістемелердің жетіспеушілігі байқалады.

Демек, көркем білім беру мамандығы студенттерінің түрлі сыни дағдыларын дамытуға бағытталған сан салалы проблемалары да жеткілікті. Ол проблемалардың шешімін табу әрбір оқытушының заман талабына сай технологияларды игеріп, өз бағытындағы әдіснамалық методикалармен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту болашақ суретші педагогтарға бірнеше проблемаларды тиімді шешуге және арнайы негізделген талаптарды қабылдау дағдыларын қалыптастыруға жетелейді. Бұл процесс оқу бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу кезінде түрлі ғылыми ізденістерді талап етеді. Әсіресе, оқытуда дәстүрлі және цифрлық өнер әдістерінің үйлесімін көркем білім беру мамандығы студенттеріне сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуда жоғары кәсібилікті және олардың арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті таба білу керек.

Көркем өнер саласындағы болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін, оларды шығармашылықпен шабыттандыратын цифрлық өнерді үйрену ортасын қалай жасай аламыз?

Міне, бұл сұрақ болашақ педагог суретшілерге цифрлық ресурстармен жұмыс жасау ғана емес, соған орай көркем өнерді жаңа тұсынан көрсетіп, шығармашылық сыни ойлауда заманауи тәсілмен үйлестіре білуге дағдыландыру. Жалпы, таңдалған тақырыптың өзектілігі цифрлық өнер құралдарымен көркемөнер болашақ суретші оқытушыларының сыни ойлау қабілеттерін дамыту мен олардың өз бағытарында шығармашылық ұстамдарын дәлелдеу және түрлі әдістемелік зерттеулерге жол ашу. Сондықтан, көркемөнер болашақ суретші педагогтарының сыни ойлауын дамыту үшін цифрлық құралдарды пайдалану арқылы теориялық әдістемелік ұсынымдар жасап әзірлеу. Демек, болашақ суретші оқытушылардың сыни ойлауын дамыту бұл өте маңызды процесс, өйткені олар үнемі жаңа технологиялар мен тұжырымдамалар пайда болатын ортада жұмыс істейді.

Жұмыстың негізгі мақсаты бұл болашақ көркем білім беру мамандығы білімгерлеріне цифрлық өнер құралдары арқылы олардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін сыни ойлау әдістерін қолдануға негізделген оқытудың инновациялық және теориялық әдістемелік тәсілдерін меңгеру болып табылады. Мақалада көркем білім беру болашақ суретші педагогтарының сыни ойлау қабілеттерін дамыту саласындағы ғылыми жұмыстардың қазіргі жағдайын талдап, олардың теориялық негіздері мен шығармашылық байланысын қарап, осы жүйеде цифрлық технологияларды қолдану ерекшелігін анықтау.

Соның негізінде, көркемөнер болашақ суретші оқытушыларының сыни ойлауын дамыту үшін цифрлық ресурстарды (интерактивті платформалар, жасанды интеллект, дизайн және визуалды аналитика құралдарын) пайдалану арқылы теориялық әдістемелік ұсынымдар жасап әзірлеу. Жалпы, теориялық әдебиеттік шолу арқылы көркемөнер болашақ мамандығы студенттеріне сыни ойлауды цифрлық өнермен үйлестіруге қатысты, бірнеше тұжырымдамаларды сараптап соның негізінде тақырыптың өзектілігін көрсететін зерттеулерді қарастырамыз. Осы қарастырылып отырған мақала бойынша сыни тұрғыдан ойлау объектісін философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық және шет ел зерттеулерінің бірнеше деректерінен зерделедік.

Дегенмен, сыни тұрғыдан ойлау – бұл заманауи талаптарға мүмкіндік беретін, болашақ суретші педагогтардың әрбір проблемалық тапсырмаларды жақсырақ түсінуге көмектесетіні айқын. Сонымен, *сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?* Сыни ойлау – бұл тек ақпараттарды қабылдап қана қоймай, оны тереңінен талдап, бағалау деген сөз. Бұл терминнің бірнеше анықтамалары ғалымдардың түрлі зерттеулерінде қарастырылған. Атап айтсақ: көркемдік білім беру саласындағы әдістемелік маңызын және студенттердің сыни ойлау кәсіби дамуына әсерін талдауда; американдық философ және педагог Джон Дьюи сыни тұрғыдан ойлауды студенттерге белгілі бір мәселемен айналыса бастағанда пайда болады деп түсіндіреді (Лау, Дж. 2024 а).

Дьюидің айтуынша, проблемаларға назар аудару білімгерлердің табиғи қызығушылығын оятып, сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді. «Тек нақты мәселемен күресу, қиын жағдайдан шығудың өзіндік жолын табу арқылы студент шынайы ойлайды» (2024 б). Автордың көркем білім беру контекстінде студенттер өнерді енжар қабылдап қана қоймай, оны құру мен талдауға белсенді қатысуы керек дегенді, білдіреді. Смирнованың (2020) айтуынша, «қазіргі жағдайда бізге барлық мәселелерге терең талдау жасап, оның себептері мен салдарын анықтауға мүмкіндік беретін сыни ойлау қабілеті өте қажет».

Кластердің тұжырымдамасында сыни ойлаудың басқа түрлерінен ажырататын бес ерекшелікті ұсына отырып, автор мұнда ойлаудың келесі үш түрі сыни ойлауға жатпайды деп есептейді: есте сақтау, күрделі ұғымдарды түсіну, шығармашылық немесе интуициялық ойлау (Нургожа и Майлыбаева, 2024). Автордың пікірінше, мәліметтерді есте сақтау және идеяларды түсіну – тек сыни ойлауға қажет алғышарттардың бірі, ол шығармашылық ойлау кейбір мамандықтардың ерекшелігіне байланысты (суретші, спортшы, т.б.) санадан тыс түрде орын алады деген болатын (2024, б, 4). Кластер шығармашылық пен интуициялық ойлауды өнер саласындағы мамандарға тән қасиет ретінде айқын атап көрсеткен. Соған орай, 1-кесте бойынша келесі сұрақтар туындайды;

Кесте 1. Шығармашылық пен интуициялық ойлаудың ықпалы

Сұрақ	Жауабы
1.Шығармашылық пен интуициялық ойлауды қалай дамытуға болады, және бұл қасиеттер көркем өнер болашақ суретші педагогтарының кәсіби өсуіне ықпал ете алады ма?	Көркем өнер саласындағы болашақ педагогтардың кәсіби сенімділігін қалыптастыруда шығармашылық пен интуицияның дамуы маңызды рөл атқарады. Мұнда, олар жаңа идеялар мен инновациялық шешімдердің, көркемдік жобалар мен әдістердің тиімділігін арттырып, оның кәсіби бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Міне, бұл қасиет ерекше авторлық стильді қалыптастыруға да көмектеседі.
2.Көркем өнер саласындағы болашақ педагогтарға шығармашылық пен интуициялық ойлауды дамытатын орта мен арнайы ұйымдарды қалай ұйымдастыруға болады?	Көркем өнер мамандарының шығармашылық және интуициялық ойлауын дамыту үшін арнайы ұйымдар қажеттілігі айқын. Мұндай ұйымдар суретші-педагогтардың кәсіби өсуіне жол ашады. Өйткені, әрбір студент мамандығы бойынша диплом алғанымен, жас маман ретінде жұмысқа орналасу кезінде белгілі бір қиындықтарға тап болады. Себебі жаңа дәуір талаптарына сәйкес қазіргі оқушылар, цифрлық заманның ерекшеліктеріне бейімделген. Көркем білім беру саласындағы жас маманға оқушылардың назарын арттыру үшін кейбір проблемалар туындайды. Осы мақсатта арнайы курстармен жеке оқу бағдарламалары әзірленсе, көркем білім беру мамандықтары студенттерінің жеке талаптарын ашуға айтарлықтай ықпал етер еді.

Ескерту: [4] деректер негізінде құрастырылған

Осы мақсатта көркем өнер мамандығы студенттерінің шығармашылық пен интуициялық сыни ойлау деңгейлерін дамыту үшін заманауи цифрлық ресурстармен жабдықталған шеберханалар мен курстар, сандық өнерге бағытталған жаңа педагогикалық ғылыми көркемдік зерттеу орталықтарын құру маңызды. Бұл құрылымдар болашақ суретші оқытушыларға өз пәндеріне үйлесімді жаңа білімдерді меңгеруге және біліктіліктерін үнемі арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, әрбір педагог өз бағытына сәйкес арнайы сертификат алып соған сай кәсіби құзыреттілігін артыра алар еді. Д.Халперннің айтуынша (Halpern, & Dunn, 2022 а) сыни тұрғыдан ойлау – бұл ең алдымен шығармашылық ойлау.

Шығармашылық ойлау дегеніміз – көбінесе ойда суреттерді елестету. Мысалы, суретші алдымен не салғысы келетінін ойлайды, содан кейін ғана оны қағазға түсіреді (Halpern, и,др.,2022. б). Бұл процесстен логикалық пайымдаулар мен ескерілетін факторлардың негізінде алдымен жаңа идея санада пайда болып, сол арқылы формаға айналады деп тұжырымдауға болады. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл сыртқы ақпаратты адамның бар білімімен салыстыру нені қабылдауға болатыны, нені толықтыру және нені қабылдамау керектігі туралы шешім жасау процесі (Чункурова, Латаева и Катанова, 2024). Сонымен қатар, кейде өзіңіздің сенімдеріңізді түзетуге немесе жаңа білімге қайшы келсе, одан бас тартуға тура келеді (Чункурова, и,др.,2024).

Сыни тұрғыдан ойлау – адамның ойлау үдерісінің негізі болып табылады және идеялар мен ақпаратты талдау мен өңдеудің табиғи тәсілі ретінде қарастырылады (Заир-Бек & Муштавинская, 2011).

Сыни ойлауды цифрлық технологиялармен байланыстыру мәселесіне қатысты тұжырымдамаларды көптеген ғалымдар өз көзқарастарында білдіріп, бұл тұрғыдағы идеяларын да ғылыми негізде дәлелдеп көрсетуде. Ю.Хабермас қоғамдық салада жеке тұлғалардың әлеуметтік маңызды мәселелерді талқылайтын және сыни ойлауды қалыптастыратын кеңістік ретіндегі маңыздылығын атап көрсеткен еді (Бурнашев и Тоирова, 2024). Соған орай, ақпараттық дәуірдегі қоғамдық сала коммуникация мен қатысудың жаңа формаларын жасайтын цифрлық технологиялардың әсерінен өзгереді дейді (Бурнашев и, др., 2024, 6,2).

Ал, ақпараттық технологиялар әлеуметтік дамудың барлық салаларында ілгерілеуді жеделдетудің пәрменді тетігі ретінде айқындалып түрлі мемлекеттердің, аймақтардың, салалардың және жеке ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын шешуші факторлардың біріне айналып, сонымен қатар, олар қоғамның жаңа өмір салтын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда (Шихваргер, 2013).

Демек, көркем өнер бағытындағы болашақ педагогтардың заманауи ақпараттық технологияларды меңгеруі олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың, шығармашылық әлеуетін дамыту мен білім беру үдерісін жаңғыртудың негізгі шарты болып табылады. А.А.Картукованың (2019) зерттеулеріне сүйене отырып, оқытушылардың цифрлы құзыреттілігінің үш негізгі компонентін атап өтуге болады: жалпы пайдаланушы құзыреттілігі; педагогикалық құзыреттілік; тәртіптік-педагогикалық құзыреттілік.

Берман Н.Д (2017) цифрлы құзыреттілікті сандық технологияларды меңгеру, кез келген саладағы маманның жұмыс істеу дағдыларын ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдаулары, мультимедиялық контент құрумен байланыста мобильді құралдарды пайдалануға дайындықпен, интернет арқылы әртүрлі операцияларды орындау қабілеті ретінде қарастырады.

Цифрлық құзыреттілік тек техникалық дағдылармен шектелмейді, сонымен қатар сандық ортадағы ақпаратты түрлі сыни тұрғыдан қабылдау қабілетін де қамтиды. Әрине, мұндай кешенді көзқарас адамға тек қана тез өзгеріп отыратын технологиялық ортаға бейімделуге ғана емес, сонымен қатар цифрлық өнерді білім деңгейіне енгізуге және таратуға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық өнер көркем өнер саласындағы болашақ суретші педагогтарға сандық ресурстарға бейімделуіне ықпал етеді. Жалпы, жоғарғы оқу орындарында студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту үшін технологиялық прогресс пен цифрландыруды кеңінен пайдалануда. Жапония мен Корея университеттері жасанды интеллект пен машиналық оқытуды оқу бағдарламаларына енгізу арқылы осы бағытта үлкен жетістіктерге жетіп отыр (Исхаков и Ишалин, 2023).

Бұл жерде көркем білім беру процесінде студенттердің цифрлық өнерді қолданудың аспектілері мен әдіснамалық теориялық негіздерін ескере отырып, олардың сыни ойлау дағдыларын психологиялық, шығармашылық, кәсіби және практикалық дамуына ықпал ететін ақпараттық орта құру маңыздылығы көрінеді. Соның негізінде, көркем білім берудегі болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуда цифрлық ресурстардың мүмкіндіктерін анықтау мұндағы негізгі түйін болып табылады. Бұл үдерісте теориялық және әдіснамалық тұрғыда зерделеу арқылы, ең алдымен, сыни ойлау мен оқыту теорияларының анықтамалары мен рөлін талқылауда, оларды цифрлық өнермен ұштастыру қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда кез келген оқытушы білім берумен қатар, білімгерлердің сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі заманауи технологияларды да қолдануда. Ол тек дайын ақпаратты жеткізіп қана қоймай, жаңа білімді меңгеруге ынталандырып, ескіні қайта жаңғыртуға үйретеді. Демек, сыни ойлау – бүгінгі күннің талабы, ал оқытушы оның қалыптасуына жағдай жасаушы. Платонның тұжырымы бойынша, адамдар туғаннан эстетикалық сезімге ие, ал білім еске түсіру мен сыни ойлау арқылы қалыптасады (Петрова, 2018).

Алайда, ойлау нәтижесінде алынған білімнің шынайылығы күмән тудыруы мүмкін. Сенімді білімге тек философтың терең талдауы арқылы қол жеткізуге болады (2018. б,13). Философ мұнда адамдардың білім алуы күрделі процесс, ол туа біткен қабілеттер мен сыни ойлауды талап ететінін көрсеткен. Осы тұрғыда, Конфуций: "Ойланбаған ілімнің пайдасы жоқ, бірақ ілімсіз ойлау да қауіпті" – дейді (Лунь, Юй, nd). Мұнда ғалым теориялық білім мен практиканы қолдану арасындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын атап көрсеткен.

Жоғарыдағы, дереккөздерді мұқият саралай келе, ондағы зерттеулердегі түрлі көзқарастардың анықтамаларына сәйкес теориялық әдіснамалық идеяларды талқыладық. Дегенмен, білім беруде сандық ресурстарды қолдануға деген қызығушылықтың артуына қарамастан, цифрлық өнер көркем білім берудегі болашақ суретші педагог мамандары үшін, олардың сыни ойлауын қалай дамыта алады деген сұрақ әлі де жеткілікті зерттелмеген.


Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған цифрлық өнерге негізделген әдіснамалық тәсілдер мен ғылыми әдебиеттерге де шолу жасалды. Жалпы, қазіргі өнердегі сыни тұрғыдан ойлауда ол тек талдау құралы ғана емес, сонымен қатар жаңа мағыналар жасау тәсілі. Бұл әдісті қолданатын суретшілер көбінесе өзекті әлеуметтік мәселелерді көтереді және шындыққа балама концептуалды көзқарастар ұсынады. Осыған байланысты, аталған құбылысты тереңірек түсіндіру үшін бірнеше маңызды мысалдарды талдап қарайтын болсақ: (1–сурет), (Барбара Крюгер, nd) .



Сурет 1. Барбара Крюгердің сыни тұрғыдан қарастырған графикалық плакаты
Ескерту: [16] сурет деректері негізінде құрастырылған

Барбара Крюгер мәтіндер мен суреттерді біріктіретін арандатушылық жұмыстарымен танымал суретші. Оның шығармалары – көрерменді гендерлік рөлдер, тұтынушылық және медиа туралы ойландыратын әлеуметтік плакаттар жасайды. Алайда, шебердің әрбір жұмысы саяси құбылыстарды терең сыни талдаумен және визуалды құралдарды шебер қолданудың нәтижесі болып табылады. Автордың көркем шығармасын талдау арқылы студенттердің сыни ойлау қабілетін шыңдауға болады. Келесі 2-сурет бойынша, мұндағы шығармада Жан-Мишель көрермен қиялына негізделген сыни ойлауды тереңінен қарастыратын туынды ретінде көрсеткен (Жан-Мишель, nd).



Сурет 2. Жан-Мишель Баскианың мүлкі. Нью-Йорк


Ескерту: [17] сурет деректері негізінде құрастырылған

Автор интерпретациялық қосымшалар мен динамикалық үздіксіз сызықтар және қиялға негізделген элементтер арқылы көрсеткен картинасы көрерменнің сыни ойлауына бағыттаған. Нәтижесінде, суретші педагог заманауи цифрлық өнерге үлес қосып, көрерменнің терең ойлауын қалыптастыратын шығарманы ұсынған. Осылайша, болашақ суретші оқытушылар сыни ойлаудың құрамдас негіздері мен мәнін, оның құрылымын, ерекшелігін интегралды тілдік бейне арқылы да айқындай алады деп айта аламыз.

Интегралды цифрлық өнер ресурстары болашақ суретші оқытушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда оқыту мазмұнын деректер мен анықтамалар арқылы байытып, педагогикалық ғылымның идеялар жиынтығын тереңдетеді. Демек, заманауи суретшілердің инновациялық туындылары арқылы да көркем өнер болашақ оқытушыларының креативті және сыни ойлау қабілеттерін дамытып, олардың педагогикалық қалыптасу үдерісін жетілдіруге болады. Сонымен қатар, бұл үрдіс олардың шығармашылықтарын арттыратын және шабыттандыратын заманауи цифрлық өнерді меңгерулеріне негізделген оқу ортасын қалыптастыруға да мүмкіндік беріп, сол секілді педагогикалық тәжірибелерінде инновациялық тәсілдерді тиімді қолдануына жағдай жасайды. Осы тұста, болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында жаңа цифрлық өнермен әдістемелік негіздерді жүйелеу және шығармашылық ойлауды ілгерілету үшін көпқырлы көзқарастарды нақтылау қажеттілігін қарастырдық. Мұнда, жүйелік тәсілдің рөлін ерекше айқындайтын болсақ:

Жүйелік тәсіл өзара байланыс пен тәуелділікті көрсететін айналадағы құбылыстар мен процестерде орын алады. Жалпы, жүйелік тәсілде үрдістердің құрылымдық талдауын

талап етіп, олар белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылады. Бұл тәсіл білімнің әртүрлі интеграциясын жүзеге асырып, оны топтастыруға мүмкіндік береді. Осы әдіс арқылы болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау дағдыларын цифрлық өнер негізінде тиімді түрде қалыптастыруға болады. Мұндай тәсілді бірнеше көрнекті педагог-суретшілер өз тәжірибесінде қолданған. Солардың бірі – түс теориясы саласында бірнеше еңбектерімен танымал Йозеф Альберс. Ол түрлі көрнекі қабылдауда талдау мен пішін және түспен эксперимент жасауға негізделген өнерді оқытуда жүйелі әдісті дамытқан. Аталған әдіс шығармашылық пен сыни қабілеттерді алға жылжытудың нағыз құрылымдық жүйесін құрайды. 3 - сурет (Josef Albers, nd).



Сурет 3. Йозеф Альберс «Шаршы гомологиясы»

Ескерту: [17] сурет деректері негізінде құрастырылған

Йозеф Альберстің жүйелі әдістемесі заманауи өнер мен педагогика саласындағы білім беру құрылымының дамуына елеулі үлес қосты. Оның педагогикалық тәсілдері студенттердің аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етіп, материалдардың, формалардың және түстердің қасиеттерін терең түсінуге негізделген кешенді танымдық процесстері әлі күнге дейін өзекті.

Келесі, синергетикалық тәсілдің практикалық қолданылуы мен педагогикалық тәжірибеге енгізілуі туралы айтатын болсақ, С Джафаровтың мақаласында (2023), синергетика – бұл барлық саланы қамтитын ғылым. Ол әлемді бөлшектемей, өзін-өзі ұйымдастыратын үлкен жүйе ретінде қарастырады. Осы ғылым әртүрлі салалардың білімін біріктіріп, жаңа идеялар мен өзін-өзі ұйымдастыру теориясын қамтиды. Сонымен қатар, ғылыми білімнің жалпы жүйесі мен дүниетанымдық негіздерін анықтауға көмектеседі (2023,б.3). Синергетиканың негізгі принциптері келсек: болашақ суретші оқытушылардың түрлі жаңа формалар мен сыни идеялардың қалыптасуын игеруге жағдай жасау.

Ал енді, интерпретациялық феноменология әдісі бойынша мұнда көркем білім берудегі болашақ педагогтарының сыни ойлауын дамытуда субъективті тәжірибе мен қабылдауды терең талдаудың маңызды құралы болып табылады. Жалпы, цифрлық ғасырда феноменологиялық әдіс пен көзқарас жаңа өзектілікке ие. Ол, цифрлық құралдарды зерттеушілерге адам тәжірибесі туралы үлкен көлемдегі деректерді жинауға және сыни талдауға, әлеуметтік құбылыстарды терең түсінуге жаңа идеяларды ашуға

бағытталған. Феноменологияның негізін салушы, неміс философы Эдмунд Гуссерль (2016) бұл терминнің қазіргі мағынасында сыни зерттеудің әдістемесін жасаған жоқ. Автор феноменологияны цифрлық технологиялармен үйлестіру және сыни ойлауды дамытуға сол сияқты инновациялық зерттеу әдістерін құруға жаңа перспективалар ашады (2016,6.7).

Феноменолог Хайдеггер білімнің трансценденттік мәнінен гөрі, оны субъектілер арасындағы өзара әрекет пен түсіну үдерісі ретінде қарастырып, білім интерпретациядан тыс өмір сүре ала ма деген сұрақ қояды (Вуденд, Дж. и Артур, Н. (2024). Мұнда автор, білім мен болмыстың мәнін адамның күнделікті тәжірибесі мен өмірлік жағдайларындағы мағыналық байланыстар арқылы түсінуді ұсынады.

Сонымен жоғарыда, аталған әдістер мен цифрлық технологияларға негізделген әдіснамалық тұжырымдамаларды талдау арқылы олардың өзара байланысын анықтай келе, көркемөнер саласындағы болашақ педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы рөлін анық көрсетуге болады. Мұнда, әртүрлі әдістемелік тәсілдерді біріктіру мен оның мүмкіндіктерін теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде сараптай келе, жаңа цифрлық өнер мен білімдерге қол жеткізу үшін қосымша зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Талқылау және зерттеу нәтижиелері

Нақты анықталған, мәліметтерді сараптай келе зерттеу нәтижиелеріне келсек: түрлі педагогикалық көзқарастар бойынша, білімгерлердің шынайы мәселелерді шешу арқылы, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуда қарастырылған тұжырымдамалар студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні айқындалды. Әрбір көрсетілген тәжірибедегі алынған ақпараттарға сүйене отырып, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал ететін оқу процесінде білімгерлерді белсенділікке тартудың маңыздылығы көрсетілді. Демек, сыни ойлау ол тек қана талдаумен шектелмейді, сонымен қатар жаңа идеялар мен шешімдерді логикалық ұсынуға бағытталған шығармашылық элементтерін де қамтиды.

Демек көркем білім беруге арналған педагогиканы жетілдіру ол қазіргі заманауи технологияларың жетістігі, соған орай, цифрлық құзіреттіліктің үш негізі бар, цифрлық технологияларды меңгеру ол заманауи ресурстармен тікелей байланысты (Картукова 2019, Берман 2017). Мәтіндер мен суреттерді біріктіріп білімгерлердің сыни ойлау түсініктерін шыңдап, бейнемазмұнды шығармалары арқылы студенттердің сыни дағдыларын дамытуға цифрлық өнер ресурстары арқылы интергациялаған көркем өнер саласындағы болашақ педагогтар үшін ең тиімді тәсіл болып отыр (Барбара Крюгер nd).

Ал, интегралды тілдік бейнелер студенттердің сыни дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, сол сияқты түстік эксперименттерімен жасалған жүйелеу әдісі болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау мен креативтілігін артыруға жол ашады. Олай болса, студенттерді шығармашылыққа қалыптастыруда синергетикалық тәсілдің маңыздылығы да цифрлық ресурстармен жаңа идеялар негізін құрауға септігін тигізеді. Көркем өнерде сыни ойлауды кез келген тұлға денесі мен қабылдауына ерекше назар аударып, ондағы өнерді қабылдаудың түпкілікті, субъективті тәжірибиемен де


негіздеуге болады. Алайда, жоғарыда көрсетілген зерттеу деректеркөздер нәтижесі бойынша, келесі сұрақтар туындайды:

1. Цифрлық ғасырдағы шығармашылық өнер дегеніміз не?

2. Машиналар өнерді жасай ала ма? Бұл сұрақтар сананың, зерденің және сыни ойлау мен шығармашылықтың табиғаты туралы іргелі философиялық мәселелерді де көтереді. Осыған орай, заманауи білім беруде де тек ақпараттармен ғана шектелмей, оны талдап, сыни тұрғысыдан бағалап және шығармашылық тәжірибелік жолдармен шешімдер таба білу маңызды. Әрине, цифрлық шығармашылық өнер – ұсынылған динамикалық күрделі процесс, оны сыни ойлаумен ұштастыру мақсатында түрлі практикалық жаттығулар мен әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Мұндай әдістер болашақ суретші педагогтардың жаңаша ойлау қабілеттерін дамытып, заманауи үрдістер мен көптеген байланыстарды терең ұғынуға, сондай-ақ өзіндік шешімдерді тиімді табуға ықпал етеді.

Дегенмен, цифрлық машиналарда эмоциялар мен субъективті тәжірибенің болмауы ондағы тереңдік пен шынайылықтың жетіспеушілігін туындатады, мұнда адамзат шығармашылығындағы түбегейлі ерекшеленетін аспект болып табылады. Көркемөнер болашақ мамандары үшін эмоционалды әсер туындыны жақсырақ түсінуге, кейіпкерлерге жанашырлық танытуға және өнер әлеміне кеңірек енуге көмектеседі.

Соның нәтижесінде, болашақ суретші оқытушылар да әрбір заманауи жасалған туындылардың сыни шешімдерін терең эмоционалды идеялар арқылы жасауға ұмтылады. Соған қарамастан, цифрлық технологиялар мен сыни ойлауды бір жүйеге біріктіру арқылы көркемөнер саласында заманауи талаптарға сай сапалы шығармашылық өнімдер әзірлеуге болады. Бұл тәсілдің іргелі аспектілері 4 -суретте көрсетілген. Мұнда, шығармашылық процестің тиімділігін арттыру ғана емес, сонымен қатар инновациялық идеяларды да дамытуға талпындыру қарастырылған.




Сурет 4. Цифрлық өнерді сыни ойлаумен түсіндіру

Ескерту: 4 – сурет деректер негізінде құрастырылған

Осылайша, сыни ойлау және түрлі шығармашылық көзқарастар мен зерттеулерді тұжырымдай келе, көркем білім беру болашақ суретші педагогтарының даму бағыттарының негізгі мәселелері мен сипатын ашып көрсететін болсақ; жалпы, өнер


мамандығы студенттердің сыни дағдыларын дамытуға арналған негізгі белсенділік ол әрине, білімгерлерді еркіндікке үйрету қабілеттерін қалыптастыру (5 - сурет).



Сурет 5. Студенттердің еркіндік шығармашылық жолы

Ескерту: 5 – сурет деректер негізінде құрастырылған

Көркемөнер болашақ педагогтары үшін, еркіндік – шығармашылыққа дамытудың негізі бір бөлігі. Ол студенттерге жаңа ой еркіндігін беріп, өз идеяларын батыл жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Еркіндік болмаса, шығармашылыққа әрине шектеу болады, ал цифрлық құралдармен оны кеңейтуге және жаңа өнер формаларын зерттеуге жол ашады. Мұндағы басты мақсатымыз – көркемөнер болашақ маман педагогтарын заманауи цифрлық өнер құралдары арқылы сыни дағдыларын жетілдіріп, түрлі эксперименттер жасауға, жаңа тәсілдерді қолдануға және өзіндік көркемдік стилін дамытуға ынталандыру (6- сурет).



Сурет 6. Студенттердің еркіндік бағыт сұлбасы

Ескерту: 6 – сурет деректер негізінде құрастырылған

Осы арқылы өнер саласындағы кәсіби дайындықтың негізгі элементі ретінде білімгерлердің сыни ойлауын қалыптастырудың бағыттарын анықтауға және оларды заманға сай цифландыру жүйесіне дағдыландыру ол негізгі процесс екенін атап өттік. Қазіргі таңда түрлі ақпараттардың шамадан тыс болуы қоғамдағы әртүрлі өзгерістер жағдайында сыни тұрғыдан бағалау және түрлі шешімдер қабылдау қабілеті, әсіресе

көркем білім беру мамандығы студенттері үшін маңызды болып отыр. Сол себепті, біз шағын эксперименттік жұмыс жүргізіп, студенттердің бақылау көрсеткіштерін талдадық. Мұндағы негізгі мақсат – білім алушылардың цифрлық өнер туралы білімін анықтау және оның оқу процессіндегі тиімділігін бағалау болды (7- сурет).




Сурет 7. Бақылау нәтижесінің көрсеткіші

Бұл көрсеткіштерге қарап, болашақ суретші педагогтардың басым көпшілігі (83,7%) цифрлық технологиялардың жұмысты оңай талдауға икемді екенін айтып өтті (8-сурет).



Сурет 8. Нәтижие көрсеткіші


Тест нәтижелері негізінде болашақ суретші оқытушылардың цифрлық құралдардың көркем туындыларды талдау үдерісін құрылымдауға қолайлы екенін және мұндағы құралдардың олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқаратынын назар аударды. Сонымен қатар, білімгерлер цифрлық платформалармен жұмыс істеу шығармашылық материалдарды талдауды жеңілдететінін және ақпаратты тиімді түсінуге септігін тигізетінін көрсетті (9,10,11 - суреттерде).



Сурет 9. Тест нәтижесінің көрсеткіші

Сандық оқыту және жасанды интеллект (ИИ) көркем өнердегі сыни ойлауды дамытуда қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?


Верных ответов: 9 из 12



Сурет 10. Тест нәтижесінің көрсеткіші

Цифрлық технологияларды пайдалану көркем сурет өнер туындыларын талдауда қалай әсер етеді?

Верных ответов: 11 из 12



Сурет 11. Тест талдау көрсеткіші

Алынған мәліметтерді қорытындылай келіп, көркемөнер мамандығында оқитын болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуда, цифрлық өнердің оқу үдерісіне енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Мұнда, цифрлық технологиялардың көмегімен, көркемөнер саласындағы оқу процесс тиімділігін арттыру мүмкіндіктерін көрсетіп, алдағы уақытта білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді ендіру бойынша

ұсынымдар әзірлеу. Соған орай, көркемөнер болашақ педагогтарының сыни ойлау дағдыларын цифрлық өнер негізінде ұштастыратын болсақ заман талабына сай маман даярлауға көп септігін тигізер еді.

Қорытынды

Бұл көркемөнер салада қарастырылған теориялық зерттеу әдістерін қорыта келе, болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуда цифрлық өнер негізіне арналған әдебиеттерге шолу жасалды. Жоғарыда, көрсетілген дереккөздерге сүйене отырып, зерттеулер цифрлық өнердің көркемөнер мамандықтары болашақ суретші оқытушыларының шығармашылығын арттыруда жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Демек, зерттеудің мақсатына сәйкес көркем білім беру мамандығы студенттерінің сыни ойлау әдістерін ақыл ой қабілеттерін арттыру үшін осы әдіснамалық тәсілдер негізінде олардың пәнге деген қызығушылығын дамыту құралы ретінде қолданудың тиімділігі көрсетілді.

Сонымен қатар, дәстүрлі оқыту моделінен цифрлық құралдар мен ресурстарды пайдалануға негізделген инновациялық үлгіге көшу қажеттілігі де атап өтілді. Көркемөнердегі болашақ суретші педагогтардың сыни ойлау дағдыларын зерттеуге арналған зерделеу нәтижесінде, өнерде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында болашақ бейнелеу өнері оқытушыларының осы дағдыны дамытуы және олардың табысты жұмысының негізгі факторы болу үшін қосымша зерттеулер қажеттілігі екендігі айқындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

Г.Ш. Тоғабаева – жұмыс нәтижелерін жинау, талдау және түсіндіру; мәтінді жазу және оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарау; мақаланың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді дұрыс қарастыру.

А.К. Қозыбай – зерттеу нәтижелерін талдау және алынған деректер негізінде ғылыми тұжырымдарды қалыптастыру.

Г.С. Шайзаданова – жүргізілген зертеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

Бурнашев, Р.Ф. и Тоирова, Д.Т. (2024). Развитие цифровой грамотности как основы информационной безопасности личности в современном обществе. *Universum: общественные науки*, (12), с. 115.

Берман, Н.Д. (2017). Формирование информационной компетентности студентов. *Russian Journal of Education and Psychology*, 8(2-2), с. 28-34.

Вуденд, Дж. и Артур, Н. (2024). «Применение интерпретационного феноменологического анализа к переходу в другую профессию: работа со сложностями и проти-вопоказаниями», *Международный журнал качественных методов*, (3), с. 23. <https://doi.org/10.1177/16094069241286851>.

Джафаров, С. (2023). Синергетические и инновационные подходы к образованию. *Revista de Investigaciones Universidad Del Quindío*, 35 (1), 415–430. <https://doi.org/10.33975/riuq.vol35n1.1191>

Заир-Бек, С.И. и Муштавинская, И.В. (2011) Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителей общеобразовательных учреждений. 2-е изд., дораб. Москва.: Просвещение.

Исхаков, А.О. и Ишалин, А. Э. (2023). «Методы формирования критического мышления у студентов в условиях высшего образования: сравнительный анализ зарубежного и отечественного опыта». Управление образованием: теория и практика, 13(11-1), стр.36-44. Қол жетімді: <https://www.emreview.ru/index.php/emr/article/view/1136> (Қол жеткізілген күні: 1 декабрь 2024).

Картукова, А. А. (2019). Цифровая образовательная среда как фактор профессионального развития педагога. ББК 74.204 Ц75. Печатается по решению администрации ООО «Международные Образовательные Проекты» Составитель Е.В. Литвинова., стр.8.

Лау, Дж. Ю. Ф. (2024). Возвращаясь к истокам критического мышления. Философия и теория образования, 56 (7), 724–733. <https://doi.org/10.1080/00131857.2024.2320199>

Лунь, Юй. (Беседы и суждения). nd. Қол жетімді: <https://librebook.me/analects/vol1/2>. (Қол жеткізілген күні: 25 ақпан 2025 ж.)

Нұрғожа, Б., и Майлыбаева, Г.(2024). Білім беру үдерісіндегі сыни ойлаудың маңыздылығы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, 147(2),с. 392–405. Қолжетімді : <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/292>. (Қол жеткізілген күні: 26 ақпан 2025 ж.)

Петрова, Н.И. (2018) «Теория идей» Платона как этап развития его мировоззрения. Проблемы науки, (11),с. (35). Қол жетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoriya-idey-platona-kak-etap-razvitiya-ego-mirovozzreniya> (Қол жеткізілген күні: 8 январь 2025).

Смирнова, И.В. (2015) «Понятие критического мышления в современной педагогической науке». Современные проблемы науки и образования, (5), с. 598-598.

Тоқаев, Қ. (2019) «Білім беру жүйесі жаңа реалияларға тез бейімделуді қажет етеді». БАҚ.КЗ. 16 тамыз. Қол жетімді: https://baq.kz/bilim-beru-zhuyesi_120668/?utm_source=chatgpt.com (Қол жеткізілген күні: 6 марта 2025).

Чункурова, З., Латаева, А., & Катанова, Е. (2024). Орыс тілі сабақтарында сыни ойлау әдістерін қолдану. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы,148(3),151–169.Қолжетімді: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/845>. (Қол жеткізілген күні: 18 ақпан 2025 ж)

Шихваргер, Ю. Г. (2013). Применение компьютерных технологий в образовательном процессе. Сибирский педагогический журнал, (4), 132-136.

Barbara. K. (1989) Untitled (Your Body is a Battlefield) Қол жетімді: <https://www.thebroad.org/art/barbara-kruger/untitled-your-body-battleground> (Қол жеткізілген күн: 25 наурыз 2025 ж.)

Creely, E. (2018). “Understanding things from within”: A Husserlian phenomenological approach to doing educational research and inquiring about learning. International Journal of Research & Method in Education, 41(1), 104–122.<https://doi.org/10.1080/1743727X.2016.1182482>

Jean Michel, Basquiat (1982) Santo 2. Қол жетімді: <https://www.thebroad.org/art/jean-michel-basquiat/santo-2> (Қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 15 ақпан.)

Josef Albers. (Homage to the Square: Apparition) nd. Қол жетімді: <https://www.guggenheim.org/artwork/173> (Қол жеткізілген күні: 25 ақпан 2025 ж)

Halpern, D. F., & Dunn, D. S. (2022). Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking (6th ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003025412>

Г.Ш. Тоғабаева*¹, А.К. Козыбай², Г.С. Шайзаданова³

^{1,2}Казахский национальный университет имени Абая, Алматы, Казахстан

³Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан

Влияние цифровых технологий на развитие критического мышления студентов в художественном образовании

Аннотация. В статье представлен анализ научных трудов, посвящённых теорий и методики развития навыков критического мышления у студентов в сфере художественного образования. Кроме того, были изучены теоретические концепции, объясняющие значение критического мышления, а также рассмотрена роль цифровых инструментов в образовательном процессе и их влияние на повышение креативности учащихся.

Цель статьи – обеспечить развитие критического мышления и творческих способностей учащихся с использованием цифровых технологий, а также их продвижение в сферу современного искусства. В этой связи был проведен углубленный анализ концепции критического мышления, а также теоретический анализ научных работ в областях искусства и художественного образования. Проведен сравнительный анализ исследований и отечественных ученых, а также важное значение ключевых понятий в различных областях науки, таких как психология, педагогика, философия и социология. Исследована эффективность критического мышления как основы для будущих учителей изобразительного искусства высокого качества образования для использования цифровых технологий. Также были рассмотрены творческие работы современных педагогов-художников, связанные с цифровыми технологиями, кроме того, детально проанализированы статьи в научных источниках. Рассмотрены пути внедрения цифровых технологий в художественное образование, а также их роль в современных традиционных методах обучения. Показано, что использование интерактивных технологий позволяет студентам развивать творческую свободу и совершенствовать свои навыки. Использование цифровых технологий как эффективный способ развития критического мышления студентов-художников. Также выявлена их инновационность в повышении творческих способностей студентов и подготовке их к рынку современного искусства.

Ключевые слова: изобразительное искусство, критическое мышление, цифровые технологии, цифровое искусство, интуитивное мышление, цифровая компетентность, системный подход

G.Sh. Togabayeva*¹, A.K. Kozybay², G.S. Shaizadanova³

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai

³Almaty Technological University, Almaty

The impact of digital technologies on the development of critical thinking in art education students

Abstract. The article presents an analysis of scientific studies devoted to the theories and methods of developing critical thinking skills in students within the field of art education. In addition, theoretical concepts explaining the importance of critical thinking were explored, along with the role of digital tools in the educational process and their impact on enhancing students' creativity. The purpose of

the article is to foster the development of students' critical thinking and creativity through the use of digital technologies, as well as to promote their integration into the field of contemporary art. In this regard, an in-depth analysis of the concept of critical thinking was conducted, along with a theoretical review of scientific studies in the fields of art and art education. A comparative analysis of research by international and domestic scientists was conducted, along with an examination of the importance of key concepts in various fields of science, such as psychology, pedagogy, philosophy, and sociology. The effectiveness of critical thinking as a foundation for future fine arts teachers in enhancing the quality of education through the use of digital technologies was investigated. The creative works of modern art teachers related to digital technologies were considered, along with a detailed analysis of articles in scientific sources. The article examines the integration of digital technologies into art education, as well as their role in modernizing traditional teaching methods. The use of interactive technologies has been shown to foster students' creative freedom and enhance their skills. The use of digital technologies as an effective tool for developing critical thinking in art students has been explored. Their innovative role in enhancing students' creative abilities and preparing them for the contemporary art market has also been revealed.

Keywords: fine arts, critical thinking, digital technologies, digital art, intuitive thinking, digital competence, systems approach.

References

- Burnaşev, R.F. i Toirova, D.T. (2024). [Development of digital literacy as the basis for information security of an individual in a modern society]. *Universum: obščestvennye nauki* 12, pp. 115. (In Russian).
- Berman, N.D. (2017). [Formation of students' information competence]. *Russian Journal of Education and Psychology* 8 (2-2), pp. 28–34.
- Vudend Dj. i Artur N.(2024). [Applying Interpretive Phenomenological Analysis to Career Transition: Dealing with Complexities and Challenges]. *Mejdunarodnii jurnal kachestvennih metodov*, (3), pp. 23. <https://doi.org/10.1177/16094069241286851>.
- Djafarov, S. 2023 [Synergetic and innovative approaches to education]. *Revista de Investigaciones Universidad Del Quindío* 35 (1), 415–430 <https://doi.org/10.33975/riuq.vol35n1.1191>
- Zair-Bek, S.İ. i Muştavinskaya, İ.V. (2011), [Development of critical thinking in the classroom: A manual for teachers of general education institutions]. 2-e izd., dorab. Moskva: Prosveshchenie (in Russian).
- İshakov, A.O. i İşalin, A.E. (2023). [Methods for Developing Critical Thinking in Higher Education Students: A Comparative Analysis of Foreign and Domestic Experience]. *Upravlenie obrazovaniem_ teoriya i praktika_*, 13 (11-1) , pp (36-44). Available at:<https://www.emreview.ru/index.php/emr/article/view/1136> (Accessed on December 1, 2024). (in Russian).
- Kartukova, A. A. (2019). [Digital educational environment as a factor in the professional development of a teacher]. BБК 74.204 C75. *Pechataetsya po resheniyu administracii OOO «Mejdunarodnie Obrazovatelnie Proekti» Sostavitel EV Litvinova.s.8.*(in Russian).
- Lau_ Dj. Yu. F. 2024, [Returning to the origins of critical thinking]. *Filosofiya iteoriya obrazovaniya* 56 (7),724–733 <https://doi.org/10.1080/00131857.2024.2320199>
- Lun, Yui. [Conversations and judgments].(n.d). Available at: <https://librebook.me/analects/vol1/2> (Accessed on February 25, 2025). (in Russian).

Nurgoja, B. i Mailybaeva, G. (2024). [The importance of critical thinking in the educational process]. Khabarshysy L.N. Gumilyov atyndagy Eurasia ulttyq universiteti. Psikhologiya. Sotsiologiya, 147 (2), pp. 392–405. Available at: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/292> (Accessed: 26, 2025 February). (in Russian).

Petrova, N. I. (2018). ["Plato's theory of ideas" as a stage in the development of his worldview]. Problemy nauki, (11), pp (35). Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoriya-idey-platona-kak-etap-razvitiya-ego-mirovozzreniya> (Accessed : 8 January 2025). (in Russian).

Smirnova, I. V. (2015). [The concept of critical thinking in modern pedagogical science]. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya, (5), pp. 598-598. (in Russian).

Toqae, Q. (2019). [The education system requires rapid adaptation to new realities]. BAQ.KZ.16. tamiz. Available at: https://baq.kz/bilim-beru-zhuyesi_120668/?utm_source=chatgpt.com (Accessed: 6 March 2025). (in Russian).

Khalpern, D. (2000). [Psychology of Critical Thinking]. (N. Mal'gina i dr., Per.; 4-e mezhdunar. izd.). Sankt-Peterburg: Piter. (Seriya "Mastera psikhologii" vipusk. 10) 496 s. (in Russian).

Chunkurova, Z., Lataeva, A. et Katanova, E. (2024). [Inclusion of critical thinking methods in Russian language lessons]. Khabarshysy L.N. Gumilyov atyndagy Eurasia ulttyq universiteti. Pedagogika Psikhologiya. Sotsiologiya. Seriya sotsiologiya, 148 (3), pp. 151–169. Available at: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/845> (Accessed: 18 February 2025). (in Russian).

Shihvarger.Yu.G.2013. [Application of computer technologies in the educational process]. Sibirskii pedagogicheskii jurnal (4), 132-136. (in Russian).

Barbara. K. (1989) Untitled (Your Body is a Battlefield) Available at: <https://www.thebroad.org/art/barbara-kruger/untitled-your-body-battleground> (Accessed: 25 March, 2025.)

Creely, E. (2018). 'Understanding things from within': A Husserlian phenomenological approach to doing educational research and inquiring about learning. International Journal of Research & Method in Education, 41(1), pp. 104–122. <https://doi.org/10.1080/1743727X.2016.1182482>

Jean Michel, Basquiat. (1982) Santo 2. Available at: <https://www.thebroad.org/art/jean-michel-basquiat/santo-2> (Accessed: 15 February 2025).

Josef Albers. (Homage to the Square: Apparition) nd. Available at: <https://www.guggenheim.org/artwork/173> (Accessed : 25 February 2025).

Halpern, D. F., & Dunn, D. S. (2022). Thought and Knowledge: An Introduction to Critical Thinking (6th ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003025412>

Авторлар туралы мәліметтер:

Тоғабаева Г.Ш. – хат-хабар авторы, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Достық 13 көшесі, 050063, Алматы, Қазақстан

Қозыбай А.Қ. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Достық 13 көшесі, 050063, Алматы, Қазақстан

Шайзаданова Г.С. – Алматы Технологиялық Университетінің PhD, «Дизайн» кафедрасының ассистент-профессоры, Төле би көшесі 100, 050012, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Тогабаева Г.Ш. – автор для корреспонденции, докторант PhD, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, улица, Достык, 13, 050063, г. Алматы, Казахстан

Козыбай А.К. – Профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, улица, Достык, 13, 050063, Алматы, Казахстан

Шайзаданова Г.С. – PhD, ассистент-профессор кафедры «Дизайн», Алматинский технологический университет, г. Алматы, ул. Толе би 100, 050012, г. Алматы, Казахстан

Information about authors

Togabayeva G.Sh. – corresponding author, PhD student,, Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Street 13 Dostyk, 050063, Almaty, Kazakhstan

Kozybay A.K. – Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University. Dostyk Street, 13, 050063, Almaty, Kazakhstan

Shaizadanova G.S. – PhD, Assistant Professor, Department of Design, Almaty Technological University, Tole bi Street, 100, 050012, Almaty, Kazakhstan